

Ә.Қ. Жанжігітова

«Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі»

Қазақстандық медицина университеті

Ғылыми жетекшілері: м.ғ.к. А.С.Нурбаев

проректор Е.С.Утеулиев

**СҮТ БЕЗІ ҚАТЕРЛІ ІСІГІНІҢ ЭПИДЕМИОЛОГИЯСЫ МЕН АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ.**

Әлем бойынша сүт безі қатерлі ісігі әйел онкопатологиясында актуалды проблемалардың бірі болып табылады. Мақалада сүт безі қатерлі ісігінің заманауи мәселелері, эпидемиологиялық жағдайы аналитикалық зерттелді. Науқастарда ісіктің бірінші белгілері мен алдын алу шаралары талқыланды.

**Түйінді сөздер:** сүт безі қатерлі ісігі, эпидемиология, алдын алу

**Кіріспе.** Онкологиялық аурулардың пайда болуында қоршаған ортаның көптеген факторлары өз әсерін тигізеді. Әлемде жыл сайын қатерлі ісіктердің 10 млн жаңа жағдайы тіркеліп, шамамен 8 млн науқас көз жұмады. Дүниедегі барлық өлімнің 13% қатерлі ісік ауруларына тиесілі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) болжамы бойынша 2020 жылға дейін бүкіл әлемде қатерлі ісікке қатысты ауру-сырқаушылық пен өлім-жітім 1,5-2 есеге артады. Ауру-сырқаушылықтың өсуі ерлерде өкпе мен тоқішек-тікішек қатерлі ісігі, ал әйелдерде сүт безі және жатыр денесі қатерлі ісігі есебінен өрбиді деген болжам бар[1].

Халықаралық қатерлі ісікке қарсы одақтың (International Union Against Cancer, UICC) ұйтқы болуымен, қоғамдастықтың назарын қатерлі ісік ауруларының жаһандық мәселелеріне аудару мақсатында, 2005 жылдан бастап жыл сайын бүкіл әлемде 4-ақпан Дүниежүзілік қатерлі ісікке қарсы күні аталып өтеді. ДДСҰ сарапшыларының бағалауы бойынша, тиімді тамақтану, белсенді өмір салты және темекішегушіліктен бас тарту арқасында онкологиялық дерттердің 40% алдын алуға болады [2].

**Зерттеу мақсаты.** Сүт безі қатерлі ісігінің әлемдегі және Қазақстандағы жағдайын зерттеу, алдын алу жолдарын талқылау.

**Зерттеу әдісі.** Бұл жұмыс аналитикалық әдіс негізінде жасалды.

Бүкіл әлемде сүт безі обыры әйелдердегі жалпы қатерлі ісіктер қурамында аурушаңдық пен өміршеңдік көрсеткіштері бойынша бірінші орынды иелейді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша әлемде сүт безі қатерлі ісігінен болатын өлім соңғы 20 жылда 22% көбейген. Жыл сайын әлемде орташа есеппен 500 мың әйел осы дертпен ауырса, оның 250 мыңы өмірмен қоштасады. Осыған орай әр жыл сайын 21 қазан – «Дүниежүзі әйелдердің сүт безі қатерлі ісігінен қорғау күні» деп жариялануы да тегін емес. Барлық жерде сүт безі қатерлі ісігінің аурушаңдық көрсеткішінің өсу тенденциясы байқалады. Қазіргі уақытта АҚШ-та аурушаңдық көрсеткіші 100 мың халық санына шаққанда 91 науқасты құрайды [3].

Бүгінгі күні әрбір бесінші қазақстандықта алдағы өмір бойына қатерлі ісік ауыру қауіп-қатері бар. Қазақстанда 2014 жылғы статистика бойынша сүт безі қатерлі ісігінің аурушаңдық көрсеткіші 100 мың халық санына шаққанда 19,1 құрады. Жыл сайын 29 мың әйел сүт безі қатерлі ісігімен ауырса, олардың 17 мыңы қайтыс болады. Қазақстан Республикасында 15 жыл бұрын жыл сайын 2 мыңға жуық науқас жаңадан есепке алынса, қазіргі уақытта бұл көрсеткіш жылына 3 мыңнан аса науқас жаңадан есепке алынып отыр. Осыған орай, аурушаңдық көрсеткішінің интенсивті өсуіне байланысты үшінші мың жылдықта сүт безінің қатерлі ісігі онкологияның өзекті мәселесі болып отыр.

Әйелдер арасындағы онкологиялық аурулар құрылымында сүт безі қатерлі ісігі бірінші орын алса, ол барлық қатерлі ісіктердің 21 пайызын (2014 жылдық көрсеткіш) құрайды. Республикада 2013 жылы қатерлі ісікке шалдыққан 3263 ауру анықталса, 2014 жылы ол 3272-ге өскен. Елімізде сүт безі қатерлі ісігі әрі қарай өсуі әбден мүмкін көрінеді. Сондай-ақ сүт безі қатерлі ісігімен ауыратындардың жасарғаны да анықталып, оны алдын ала емдеудегі әсерлі жолдары қарастырылуда. Егер бұрын аурудың ең биік шыңы 50-60 жастағы әйелдерде көбірек кездесе, қазіргі таңда 30-40 жастағы қыз-келіншектерде осы аурумен ауыратындар да жиі кездеседі. Сүт безі қатерлі ісігі 15-30 жас пен 50-59 жас аралығындағы әйелдерде өте жиі кездеседі [4].

Сүт безі қатерлі ісігі төрт сатыдан тұрады: I және II сатыларда сүт безі қатерлі ісігімен радикалды (толық) емделуі ықтимал және аурулардың 80-92%-ы бес жылға дейін өмір сүреді, ал III және IV сатылар кеш анықталған болып саналады және бұл кезең ең қауіпті жағдайға жатады. Өкінішке орай, ісіктің ерте сатыларындағы науқастар саны бұл ауру бойынша қаралатын жалпы әйелдер санының 10-15 пайызын құрайды. Науқастардың 50-60% бірінші қаралған сәтте сүт безі қатерлі ісігінің III және IV сатысында болады екен [5].

Сүт безінің әр тұсында түйін немесе томпайған жердің пайда болуы, емшек ұшынан сұйықтың көрінуі аурудың бастапқы белгілері болып табылады. Бірінші өсу сатысында әйел ешнәрсені өзінен сезбейді, тек кездейсоқ жағдайда өзін-өзі сипағанда сүт безінде 1-2 сантиметр көлемдей түйінді байқайды. Дерттің екінші, әсіресе, үшінші, төртінші өсу дәрежелерінде денеде ауру сезімі ұялайды. Қолтық астында лимфа бездерінің шошынып ұлғаюы, қол бойында ісіктің көрінісі кейіннен пайда болады. Қатерлі ісікпен ауырған науқастар дерті асқынған кездерде қатты шаршап, қажиды, әлсірейді. Әлсіздік, жүдеу бірнеше күнге, аптаға, айға созылады[6].

*Сүт безі ісіктерінің алдын алу шаралары:*

- Әйелдерде гормоналды дисбалансты алдын алу және дер кезінде емдеу
- Бірінші жүктілікті міндетті түрде сақтау және сәбиге 24-36 айға дейін емшек емізу.
- Қайта жүкті болу жиілігін және жүктілік санын қазіргі кезде дамыған әрі зиянсыз – екіқабаттылықтан сақтану тәсілдерін пайдалану жолымен реттеу (бірінші босанудан 4-5 жылдан соң ғана қайта жүкті болу ұсынылады).
- Емшектен баланы шығару біртіндеп-біртіндеп орындалуы керек және әр емізуден кейін сүт сорғышпен емшекті толық сауып, босату қажет, содан кейін барып, оны сыртынан қатты қысып байлаған жөн.

-Тиймді тамақтану қағидаларын сақтау.

-Салауатты өмір салтын ұстау [7].

Бастапқы сатысында анықталмаған сүт безінің қатерлі ісігінің қауіптілігі өте жоғары. Жалпы алғанда, бұл ауруды емдеудің мынадай түрлері бар: хирургиялық жолмен толықтай сылып тастау; сәулемен емдеу және химиялық дәрілермен емдеу [8].

**Қорытынды.** Қазіргі таңда сүт безі қатерлі ісігі әйел онкопатологиясында аурушаңдық және өміршеңдік көрсеткіштері бойынша алдыңғы қатарды иелейді. Ауру бірінші сатыларында анықталса, обырдың кейінгі болжамы оң болып, науқастың өміршеңдігі жоғарылайды. Алайда, аурудың көп уақыт белгісіз кешуіне және науқастардың дәрігерге кеш қаралуына байланысты, обыр III-IV сатысында жиі анықталады. Қазіргі таңда дамыған мемлекеттер аурудың еміне ғана емес, алдын алу жолдарына да аса көп мән бөлуде. Сондықтан, әйелдер арасында сүт безі қатерлі ісігінің алдын алу жолдары жайлы іс-шаралар жүргізу обырдың аурушаңдық көрсеткішін азайтатыны анық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Global geocancerology. Ed. by G.M. Howe. - Edinburg: Churchill Livingstone, 2006. - 350 p
- 2 Stewart B.W., Wild C.P. World cancer report 2014 // The Health Well. – 2017. – P. 3-8.
- 3 Кулигина Е. Ш. Эпидемиологические и молекулярные аспекты рака молочной железы // Практическая онкология. – 2010. – Т.11, №4. – С. 203-216.
- 4 Нургазиев К.Ш., Сейтказина Г.Ж., Байпеисов Д.М. и др. Қазақстан Республикасы онкологиялық қызметінің 2014 жыл көрсеткіштері // Онкология и Радиология Казахстана. - 2014. - №12. - С. 3-6.
- 5 Давыдов М.И., Аксель Е.М. Онкология // Вестник РОНЦ им. Н.Н. Блохина РАМН. - 2010. - №2., Прил. 1. - С. 55-56.
- 6 Bostner J., Skoog L., Fornander T., Nordenskjold B., Stal O. Clinical Cancer Research // Cancer. – 2006. - №16. – P. 1624-1633.
- 7 Призова Н.С. Статистическое обоснование необходимости проведения медико-социальной реабилитации у женщин-инвалидов вследствие злокачественных новообразований молочной железы // Проблемы стандартизации в здравоохранении. – 2012. – № 11(12). – С. 46-48.
- 8 Dezheng Huo, Ningqi Hou, Nora Jaskowiak et al. Use of postmastectomy radiotherapy and survival rates for breast cancer patients with T1-T2 and one to three positive lymph nodes // Annals of surgical oncology. – 2015. – Vol. 22, Issue 13. – P. 4295-4304.

**А.К. Жанжигитова**

*«Высшая школа общественного здравоохранения»*

*Казахстанский медицинский университет*

#### ЭПИДЕМИОЛОГИЯ И ПУТИ ПРОФИЛАКТИКИ РАКА МОЛОЧНОЙ ЖЕЛЕЗЫ

**Резюме:** Во всем мире рак молочной железы является актуальной проблемой в женской онкопатологии. В статье проведен анализ эпидемиологии и современных проблем рака молочной железы, а также рассмотрены пути профилактики рака молочной железы и начальные признаки заболевания у пациентов.

**Ключевые слова:** рак молочной железы, эпидемиология, профилактика

**A.K. Zhanzhigitova**

*"High School of Public Health"*

*Kazakhstan Medical University*

#### EPIDEMIOLOGY AND WAYS OF PREVENTION BREAST CANCER

**Resume:** Breast cancer is an actual problem in female oncopatology in the world. The article analyzes the epidemiology and modern problems of breast cancer, as well as the ways of preventing breast cancer and the initial signs of the disease in patients.

**Keywords:** breast cancer, epidemiology, prevention